

Қазақстан Республикасында еңбекақы төлеуді ұйымдастыруды жетілдіру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 6 ақпандағы N 170 Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.01.11. N 41 қаулысымен. ~P020041

Еңбекақы төлеу саласындағы саясатты одан әрі реформалау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының бюджет саласы қызметкерлеріне еңбекақы төлеуге арналған Бірыңғай тарифтік кесте 1-қосымшаға сәйкес;

Қазақстан Республикасының бюджет саласы қызметкерлеріне еңбекақы төлеуге арналған Бірыңғай тарифтік кестені қолданудың негізгі шарттары 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының бюджет саласы қызметкерлерінің тарифтік ставкалары мен лауазымдық жалақыларын айқындау үшін заң актісінде белгіленген еңбекақының ең төмен мөлшері пайдаланылады;

"1997 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 31 желтоқсандағы Заңында көзделген ең төменгі еңбекақы мөлшері меншіктің барлық нысанындағы ұйымдарда жұмыс беруші кепілдік берген ең төменгі еңбекақы мөлшері болып табылады;

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.01.19. N 73

қаулысымен. P 0 1 0 0 7 3 _

3 . М ы н а л а р :

тарифтік ставкалар және Бірыңғай тарифтік кесте мен разрядаралық коэффициенттер (еңбек нормалары орындалған кезде) негізінде есептелген лауазымдық жалақылар тарифтік келісімдер мен ұжымдық шарттарды жасасу кезінде негіз болып табылады;

мемлекеттік органдар болып табылмайтын мемлекеттік мекемелер олардың жалақысы қолданылып жүрген заңнамада Z990493 _ P000281 _ көзделген барлық қосымша ақылар мен үстеме ақылар ескерілгенде, бұрын алынған қосымша ақылар мен үстеме ақылар, салалық, аудандық коэффициенттер, биік таулы, шөл далалы және сусыз жерлерде жұмыс істегені үшін коэффициенттер ескерілгенде бұрын алып жүрген жалақысынан төмен болған және сол лауазымында жұмыс істеуін жалғастырған жағдайда қызметкерлерге жалақы айырмасын төлейді. Бұл ретте көрсетілген айырма жалақы қорында көзделеді.

қызметкерлердің қолданылып жүрген заңдарда көзделген қосымша ақылар мен үстеме ақыларды қоса алғандағы бұрынғы алып жүрген жалақысынан төмен

болған жағдайда, сол лауазымда істеп жүрген жұмысын жалғастырғанда ұйым осы қызметкерлерге еңбекақы қоры шегінде айырмасын төлеуді жүзеге асырады;

меншік нысанына қарамастан, материалдық салалардағы ұйымдар еңбек ақы төлеу мәселелерін ұжымдық шарт негізінде дербес шешеді деп айқындалсын.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.02.24. N 293
қаулысымен. P 0 0 0 2 9 3 _

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.01.19. N 73
қаулысымен. P 0 1 0 0 7 3 _

4. Министрліктер, мемлекеттік комитеттер жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің, Экономика министрлігінің, Қаржы министрлігінің және Әділет министрлігінің келісімімен еңбекақы төлеу мәселелері жөніндегі ведомстволық актілерді осы қаулыға сәйкестендірсін, ал Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімін талап ететін мәселелер жөнінде келісілген ұсыныстар енгізсін.

5. Осы қаулының орындалуына жауапкершілік министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен өзге де орталық атқарушы органдардың бірінші басшыларына жүктелсін.

6. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі осы қаулыны қолдану жөнінде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялай отырып бір апта мерзімде түсіндірме әзірлесін.

7. "Педагогикалық қызметкерлердің жекелеген санаттарына оқу (педагогикалық) жүктемесі нормасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 2 қыркүйектегі N 1078 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 36, 340-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспедегі "және "Қазақстан Республикасының экономикасы салалары қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 9 қаңтардағы N 31 қаулысын" (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 2, 10-бап)" деген

сөздер алынып тасталсын.

8. Қазақстан Республикасы кейбір шешімдерінің 3-қосымшаға сәйкес күші жойылған деп танылсын.

9. Осы қаулы 1997 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

|бар маман. |

	дар санаты		
	жоқ 4 - 8		-----
	2-санатты 5 - 9		-----
	1-санатты 6 - 10		-----
	жоғары		
	санатты 7 - 11		-----
6	Жоғары		
	білімі бар		
	мамандар:		
	санаты жоқ 7 - 11		
	2-санатты 8 - 12		
	1-санатты 9 - 13		
	жоғары		
	санатты		
	(жетекші		
	маман) 10 - 14		
7	Функционал.		
	дық қызмет.		
	тің, бөлім.		
	дердің		
	басшылары		
	а) бюро,		
	лаборатория		
	сектор,		
	бөлімше		
	бастықтары 10 - 13		
	б) бөлім.		
	дердің,		
	орталық		
	лаборато.		
	риялардың		
	бастықтары 11 - 14		
	в) бас		
	мамандар 12 - 15		

8	Желілік		
	басшылар		
	а) шебер	6 - 9	-----
	б)аға шебер	7 - 10	-----
	в) учаске,		
	ауысым,		
	вокзал,		
	поезд		
	бастығы	9 - 12	
	г) цех,		
	экспедиция,		
	партия, от.		
	ряд, пункт		
	бастығы	10 - 14	
	д) өндіріс,		
	басқарма,		
	бөлімше,		
	фирма,		
	инспекция		
	бастығы	11 - 15	
	е) ұйымның,		
	басқарманың		
	порттың		
	басшысы	13 - 18	
	ж) бірлес.		
	тік басшысы	16 - 20	
	з) ұйымның		
	бас		
	инженері	12 - 17	
	и) бірлес.		

	тіктің бас		
	инженері	15 - 19	
9	Ғылыми және		
	жоғары оқу		
	орындарының		
	қызметкер		
	лері		
	а) ғылыми		
	қызметкер	14 - 18	
	б) профес.		
	сор-оқыту.		
	шылар, нұс.		
	қаушылық		
	және ұшқыш.		
	тар құрамы	10 - 18	
	в) сектор,		
	лаборатория		
	және басқа		
	қызметтер		
	мен бөлім,		
	бюро, стан.		
	ция, каби.		
	нет, пункт,		
	аспирантура		
	меңгерушісі		
	ректордың		
	көмекшісі	9 - 16	
	г) бөлім,		
	лаборатория		
	кафедра		
	меңгерушісі		
	ғылыми		
	хатшы	13 - 19	

д) инсти.			
туттың,			
мекеме			
филиалының,			
жоғары оқу			
орнының			
басшылары,			
проректор	15 - 21		

Бірыңғай тарифтік кестенің разряды

9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21

Тарифтік коэффициент /І-разрядқа/

1,78	1,91	2,05	2,20	2,37	2,55	2,74	2,95	3,17	3,41	3,67	3,94	4,24
12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24

Бюджет саласындағы ұйымдар Бірыңғай тарифтік кесте негізінде, біліктілік сипаттамасының белгіленген тәртіппен бекітілген, қолданылып жүрген мамандықтардың БТТА мен қызметшілер лауазымдарының БА бойынша

мамандықтар мен лауазымдарды саралауды Бірыңғай тарифтік кесте разрядтары
б о й ы н ш а ж ү р г і з е д і .

Қызметкерлерді орналастыру берілген біліктілігі ескеріле отырып,

Бірыңғай тарифтік кестенің разрядтары бойынша жүзеге асырылады.

Қайта тарифтеу және қызметкерлерді аттестациялау заңда
белгіленген мерзімде жүргізіледі.

Орынбасарлардың ставкалары тиісті басшылардың ставкаларынан
10-20 процентке төмен, көмекшілер мен ассистенттердің ставкалары -
20-30 процентке төмен болып белгіленеді.

Заңдарда белгіленген жеңілдіктер мен өтемақылардың ең төменгі
мөлшері Бірыңғай тарифтік кесте негізінде есептелген тарифтік
ставкалар мен жалақыларға шаққандағы процент есебімен айқындалады.
Ұжымдық шарттармен тарифтік келісімдерге бұл мөлшерлер еңбекақы
төлеуге арналған қолда бар қаражат шегінде өсірілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 6 ақпандағы

N 170 қаулысына

3-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған
кейбір шешімдерінің
ТІЗБЕСІ

1. "Медицина қызметкерлерін әлеуметтік қолдау туралы" Қазақстан
Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 15 маусымдағы N 634
қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 25, 271-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы экономикасы салалары қызметкерлерінің
еңбегіне ақы төлеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 9
қаңтардағы N 31 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 2,
1 0 - қ ұ ж а т) .

3. "Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 15
маусымдағы N 634 қаулысына өзгерту енгізу туралы" Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1996 жылғы 6 ақпандағы N 159 қаулысы (Қазақстан
Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 7, 41-құжат).

4

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ күшін жойды - ҚР Үкіметінің 2000.10.26. N 1597
қаулысымен. P 0 0 1 5 9 7 _

5. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 9 қаңтардағы N 31 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28 маусымдағы N 816 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 29, 260-құжат).

6. "Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Жоғары дипломатиялық мектебін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 қыркүйектегі N 1002 қаулысы 4-тармағының үшінші абзацы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 36, 347-құжат).

7. "Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери қызметкерлеріне, Мемлекеттік тергеу комитетінің, Ішкі істер органдарының және Мемлекеттік салық комитеті салық қызметі органдарының салық полициясы қызметкерлерінің, әскери және арнаулы атағы жоқ жекелеген санаттағы адамдарының ақшалай үлесі (жалақысы) туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 желтоқсандағы N 1620 қаулысы 2-тармағының бірінші абзацы.